

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 730 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А.Мамин

Жоба

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

1-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 145-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 4, 44-құжат; 1999 ж., № 10, 344-құжат; 2004 ж., № 22, 129-құжат; 2007 ж., № 12, 84-құжат; 2014 ж., № 19-1, 19-11, 93-құжат; 2017 ж. № 12, 33-құжат, № 14, 51-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 21-1-бап алып тасталсын;

2) 22-баптың 2-2-тармағының бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Министрліктің құрылымы және құрылымдық бөлімшелерінің ережелері министрмен бекітіледі.";

3) 24-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ведомствоның құрылымы тиісті орталық атқарушы органның басшысымен бекітіледі. Ведомствоның құзыретін және оның өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін осы ведомство құрылымына кіретін орталық атқарушы органның басшысы айқындайды."

2-бап. Осы Конституциялық Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК